

**Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 наурыздағы N 159 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 14 наурыздағы  
N 159 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін  
Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру**

**жөніндегі іс-шаралар жоспары**

Р/с N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Жауапты орын- аушылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыс- тар, мың теңге	Қаржы- лан- дыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1.	2006 жылға арналған республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру жөніндегі іс-шараларды жүргізуге қосымша қаражат бөлу жөнінде Республикалық бюджет	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	СА, ЭБЖМ	2006 жылғы наурыз		

	комиссиясының қарауына ұсыныстар енгізу				Талап етілмейді	
2.	"Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	СА	2006 жылғы 3 - тоқсанішінде	Талап етілмейді	
3.	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінде Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру жөнінде комиссия құру	СА - ның бұйрығы	СА	2006 жылғы наурыз	Талап етілмейді	
4.	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін және Республикасының "Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Ақпараттық есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын орналастыру үшін Астана қаласы Министрліктер үйінің әкімшілік ғимаратында (жаңа орталық) үй-жай бөлу мүмкіндігін қарастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ҚР ПІБ (келісім бойынша)	2006 жылғы маусым	Талап етілмейді	

**Е с к е р т п е :**

Қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланады.

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

ҚР ПІБ - Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы.